

2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің аумағынан шығарылатын тауарлардың кері экспортының тәртібі туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы N 614 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің аумағынан шығарылатын тауарлардың кері экспортының тәртібі туралы келісімнің жобасы мақұлдандын.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі Владимир Сергеевич Школьникке қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан 2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің аумағынан шығарылатын тауарлардың кері экспортының тәртібі туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің аумағынан шығарылатын тауарлардың кері экспортының тәртібі туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын 2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің үкіметтері, сыртқы экономикалық қызмет саласындағы олардың өзара мүдделерін қамтамасыз етуде және қорғауда бір-біріне жәрдемдесуге ұмтыла отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мәні Тараптар бұл тауарлар шығарылатын мемлекеттердің кедендік аумағынан әкетуге қатысты оларды өз мемлекетінің кедендік аумағынан әкету кезінде тарифтік және/немесе тарифтік емес реттеу шараларын қолданатын тауарлардың кері экспорты болып табылады.

Осы баптың бірінші абзацында көрсетілген тауарлардың кері экспорты тауарлар шығарылатын елдің уәкілетті органы берген тиісті түрде ресімделген жазбаша рұқсат болған кезде ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

Осы Келісім күшіне енген күнінен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің уәкілетті органдары кері экспорты уәкілетті органның кейіннен оларды Тараптарға хабарлау үшін кейіннен оларды жыл сайын нақтылай отырып, үлгі нысанға сәйкес ресімделген, тиісті түрде ресімделген жазбаша рұқсаты болған кезде ғана жүзеге асырылуы мүмкін тауарлардың тізімдерін (бұдан әрі - Тауарлардың тізімдері) БЭК Комиссиясына жібереді.

Тауарлар тізімдерінің үлгі нысаны қоса беріледі және осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

2-бап

Осы Келісімнің мақсаты үшін 2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекет болып табылмайтын елге кейіннен әкету мақсатында екінші Тараптың шаруашылық жүргізуші субъектілерінің Тараптардың бірінің мемлекетінің кедендік аумағынан шығарылатын тауарларды соңғы мемлекеттің кедендік аумағынан тысқары жерлерге әкетуі кері экспорт деп т ү с і н і л е д і .

Тауарлар тізімдерінде Тараптар мәлімдеген тауарлардың санкцияланған кері экспорты деп осындай тауарды шығаратын елдің уәкілетті органы берген тиісті түрде ресімделген жазбаша рұқсат болған кезде жүзеге асырылған осы Келісімнің 1-бабының үшінші абзацында көрсетілген тауарлардың кері экспорты түсініледі.

Тауарлар тізімдерінде Тараптар мәлімдеген тауарлардың санкцияланбаған кері экспорты деп осындай тауарды шығаратын елдің уәкілетті органы берген, тиісті түрде ресімделген жазбаша рұқсатсыз жүзеге асырылған, осы Келісімнің 1-бабының үшінші абзацында көрсетілген тауарлардың кері экспорты түсініледі.

3-бап

Мүдделі шаруашылық жүргізуші субъектілер тауарлардың кері экспортына рұқсат алу үшін кері экспортқа өтініш бере отырып, тауарларды шығаратын елдің уәкілетті органына жүгінеді. Тауарды шығаратын елдің уәкілетті органы өз мемлекетінің заңнамасында белгіленген тәртіппен кері экспортқа рұқсат береді.

Тауарды шығаратын елдің уәкілетті органдары кері экспортқа рұқсат беру тәртібін реттейтін нормативтік құжаттармен алмасады.

Шаруашылық жүргізуші субъект - кері экспорттаушының тауарды шығаратын елге экспорттық кедендік баждың сомасын өтеуі кері экспорттың шарты болып табылады. Тарифтік емес реттеу шаралары қолданылған жағдайда шаруашылық жүргізуші субъект тауарлардың кері экспорты жөніндегі мәміле валютасында осы айырманы тауарларды шығаратын елдің уәкілетті органы көрсеткен шотқа аудару жолымен тауарлардың кері экспорты жөніндегі мәміле бағасы мен тауарларды шығаратын елден әкету жөніндегі мәміле бағасының арасындағы айырманың бір бөлігін, бірақ жартысынан аспайтын бөлігін өтейді.

Тауарларды шығаратын елдің уәкілетті органы кері экспорттаушы мемлекеттің

уәкілетті органына кері экспортқа берілген рұқсаттардың көшірмелерін ұсынады.

Кері экспорттаушы мемлекеттің уәкілетті органы тауарларды әкеткен күннен бастап 30 жұмыс күні ішінде тауарларды шығаратын елдің уәкілетті органына тауарлардың кері экспортына арналған рұқсат шарттарының орындалуы туралы хабарлайды.

Кері экспорттаушы мемлекеттің уәкілетті органы тауарларды шығаратын елдің уәкілетті органына санкцияланбаған кері экспорт фактілерін анықтауға жәрдем көрсетеді.

4-бап

Тараптар бір-біріне және БЭК Комиссиясына тауарлардың кері экспортына рұқсатқа қол қою құқығы бар тұлғалардың мөрлері мен қолдарының үлгілерімен бірге өз елінің уәкілетті органының толық атауы және мекен-жайы туралы хабарлайды.

БЭК Комиссиясы Тараптарға уәкілетті органдардың кері экспортқа рұқсаттар беру жөніндегі деректемелері туралы хабарлайды.

5-бап

Кері экспортқа рұқсат етілген тауарларды әкетудің шекті мерзімі тауарларды шығаратын елдің уәкілетті органы кері экспортқа рұқсат берген күннен бастап бір жылдан аспауы тиіс.

6-бап

Кері экспорттаушы мемлекеттердің орталық кеден органдары тауарларды шығаратын елдердің орталық кеден органдарына кері экспорты Тараптар мемлекеттерінің орталық кеден органдарының өзара келісімі бойынша айқындалған тәртіпке сәйкес тиісті түрде ресімделген жазбаша рұқсат болған кезде ғана жүзеге асырылуы мүмкін тауарлардың нақты әкетілуі туралы хабарлайды.

7-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және/немесе қолдануға қатысты Тараптардың арасындағы даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасында консультациялар және келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Тараптардың кез келгені Біртұтас экономикалық кеңістік шеңберіндегі Дауларды шешу жөніндегі органға дауды шешуге бере алады.

8-бап

Кез келген мемлекет осы Келісімнің қатысушысы бола алады.

Осы Келісімге қосылудың шарттары осы Келісімге қатысушы мемлекеттер мен қосылатын мемлекет арасында жасалатын халықаралық шартта белгіленеді.

9-бап

Осы Келісімге ескертулер жасауға жол берілмейді.

10-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге хаттамамен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

11-бап

Осы Келісімнің күшіне ену және одан шығу тәртібі Біртұтас экономикалық кеңістік құру жөніндегі халықаралық шарттардың күшіне ену және олардан шығу тәртібі туралы хаттамада белгіленеді.

200__ жылғы "__" _____ каласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа дана Депозитарийде сақталады. Депозитарийдің функциялары Біртұтас экономикалық кеңістік комиссиясына берілгенге дейін осы Келісімнің Депозитарийі Қазақстан Республикасы болып табылады.

Депозитарий осы Келісімге қол қойған әрбір Тарапқа оның расталған көшірмесін жібереді.

Беларусь Республикасының
Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Кабинеті үшін

Ресей Федерациясының

Украинаның Министрлер

2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас
экономикалық кеңістік құру туралы
келісімге қатысушы мемлекеттердің
аумағынан шығарылатын тауарлардың
кері экспортының тәртібі туралы

келісімге қосымша

**Кері экспорты уәкілетті органның тиісті түрде
ресімделген жазбаша рұқсаты болған кезде жүзеге
асырылуы мүмкін тауарлардың тізімдері**

(тауарды шығаратын ел)

P/c N	БЭК СЭҚ ТНТ коды	Тауардың атауы
1.		
2.		
3.		
4.		
...		

Тауарды шығаратын елдің
уәкілетті органы _____

